



Т

Үлгі болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№39 (1881)

Жұма, 3-қазан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУ



Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын ашып, бұл жиынның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті. Президент жасанды интеллектті дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін еместігін еске салды. Цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект егемен ел болудың кепіліне, экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналды.

— Сондықтан біз де осы ахуалға сай алдымызға биік мақсат қойдық. Қазақстан үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел болуы керек. Мен бұл туралы халыққа Жолдауымда жан-жақты тарқатып айттым. Жалпы, елімізде осы бағытта біраз жұмыс істелді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтің 92 пайыздан астамы онлайн форматта ұсынылады. Былтыр еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемнің үлесі 85 пайыздан асты. Сондай-ақ быыл алғашқы жарты жыл ішінде Қазақстан азаматтарына 26 миллион цифрлық қызмет көрсетілді. Соның жартысына жуығы смартфон арқылы жасалған. Мұның бәрі де, әрине, жақсы. Дейтұрғанмен жасанды интеллекттің даму жылдамдығы өте тез, қарқыны жоғары. Сондықтан бір орында тоқтап қалмай, бұл іске үнемі жаңа көзқараспен қарау қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінгі басқосу «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сын-қатерлер» тақырыбына арналатынын айтты.

Президенттің пікірінше, біз қазір түбегейлі өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект бүгінде экономиканың, мемлекеттік басқару жүйесінің, ғылымның, ең бастысы, білім беру саласының келешегін айқындауда.

— Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз және егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға қарай анықталады. Мен жуырдағы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық мақсат қойдым. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл орайда әлемдегі немесе аймақтағы көшбасшылық туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат — Қазақстанды озық, өркениетті елге айналдыру. Көптеген жетекші елдер жасанды интеллектті ХХІ ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны

дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ +» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Ал Құрама Штаттар аталған салада дүние жүзі бойынша көш бастауды мақсат тұтады. Соған сәйкес стратегиясын іске асыра бастады. Бұл фактілер әлемде мүлдем жаңа даму парадигмасы қалыптасып жатқанын көрсетеді: жаһандағы технологиялық бәсекеңің негізгі факторы — жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс қала алмайды. Сол себепті біз барлық саладағы интеграцияны үйлестіру үшін Жасанды интеллект министрлігін құрдық, — деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің алдында тұрған басты мақсат отандық технологияны жан-жақты дамыту және мықты IT мамандарын даярлау екеніне мән берді. Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласындағы негізгі басымдықтарға тоқталды.

— Университеттер жаңа заманға сай мамандар дайындауға тиіс. Қазақстанның инженерлері, зерттеушілері және кәсіпкерлері бүкіл әлемнің қажетіне жарайтын озық технологияларды ойлап табуға қабілетті болуы керек. Жыл басында елімізде AI-сала бағдарламасы іске қосылды. Осы жаба аясында 440 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласы бойынша арнайы сертификатқа ие болды. Мұндай бағдарламалардың пайдасы мол, себебі дәл осындай алаңдарда ең үздік жобалар өз алдына стартап ретінде қалыптасып, халықаралық нарыққа шыға бастайды. Алайда біз әлемдік нарықта жасанды интеллект мамандарына деген сұраныстың өте жоғары екенін ұмытпауымыз керек және алдағы уақытта бұл сұраныс тек өсе бермек. Мұндай жағдайда, тіпті, білім беру жүйесінің мүмкіндігі де шектеулі болары анық. Сол себепті қазіргі озық

технология дәуірінде әр маман иесі өзінің негізгі кәсібімен қатар, цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін жұмыс барысында қолдана білгені жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінде елімізде жасанды интеллект мамандарын оқытатын арнайы оқу орны жоқ екеніне, олар тек жекелеген университеттерде білім алатынына назар аударды.

— Бұл мәселені қолға алып, нақты шешім қабылдау керек. Әлемде мұндай тәжірибе бұрыннан бар. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде Мұхаммед бен Заид атындағы мамандандырылған Жасанды интеллект университеті құрылды. Қазақстанда 79 университетте IT мамандығы бойынша 63 мыңнан астам студент оқиды. Былтырдан бері білім беру бағдарламаларына Жасанды интеллект пәні жаппай енгізіліп жатыр. Сондай-ақ университеттерде жасанды интеллект жөніндегі ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Білікті ғалымдарымыз былтыр KazLLM атты қазақ тілінің жеке моделін жасап шығарды. Осының бәрі өте маңызды жобалар екені сөзсіз. Бірақ алда ауқымды жұмыс бар, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен елімізде жасанды интеллект саласына маманданған зерттеу университетін ашу керек.

— Оқу орнына арнайы мәртебе берген жөн. Сондай-ақ бұл жұмысқа әлемдік үздік оқу орындарын серіктес ретінде тарту қажет. Үкімет жыл соңына дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныс беруге тиіс. Осындай жаңа оқу орны бізге не үшін қажет деген сауал да туындауы мүмкін. Басты мақсат — экономиканың барлық саласына жасанды интеллект технологиясын енгізетін білікті мамандарды даярлау. Зерттеу университеті ғылым-білім, инновация және халықаралық байланыс орталығы ретінде жұмыс істеуі керек. Қазіргі жаһандық білім және технология нарығында бәсеке өте жоғары. Дарынды жастарымыз әлемдік деңгейдегі сапалы білімді тек шетелден емес, өз елімізден де алғаны дұрыс. Бұл — Қазақстанның болашағына тікелей әсері бар өте маңызды мәселе, — деді Президент.

Мемлекет басшысы жасанды интеллектті білім беру жүйесіне кеңінен енгізу қажет деп санайды.

— Дербес оқыту — революциялық мүмкіндік. Әдеттегі «Барлығына бір бағдарлама» моделі заман талабына сай келмейді. Әр оқушының өзіне тән ерекшелігі бар. Бірі математикаға жүйрік болса да, тіл үйренген кезде қиналады. Енді бірі гуманитарлық пәндерге жетік болса, бірі физикаға шорқақ. Жасанды интеллект арқылы осы олқылықты жоюға болады. ЖИ негізінде құрылған білім жүйесінде әр оқушының қарым-қабілетіне сәйкес жеке оқыту бағдарламасын әзірлей аламыз. Соның нәтижесінде жастардың әлеуеті мен оқуға ынтыас артады. Халықаралық тәжірибеде мұндай сәтті мысалдар жеткілікті. Мәселен, АҚШ-та DreamBox және Knewton сияқты білім беру платформалары математика курсын әр оқушыға бейімдеп оқытады. Оңтүстік Кореяда жасанды интеллектті тіл үйрену үшін қолданады. Қазақстанда да мұндай тәсілге жүгінудің айрықша маңызы бар. Әсіресе, көпэтносты ел ретінде біз тілдік, мәдени немесе жалпы білім деңгейі әртүрлі балалардың бәріне тең жағдай жасауды ойлауымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент оқушылардың цифрлық профильдерін қалыптастыруды тағы бір маңызды басымдық ретінде атады.

— Онда әр баланың оқу үлгерімі, мықты қырлары мен жетістіктері тіркеледі. Ал бұл, өз кезегінде, университет бағдарламасын оңтайландырып, жоғары оқу орнын мерзімінен бұрын тәмамдауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, жасанды интеллект цифрлық профиль негізінде кәсіптік бағдар жүйесін жасақтайды. Оқушыларға қарым-қабілетіне сай даму жолдары, курстар мен жобаларды таңдау еркіндігі ұсынылуы керек. Бұл болашақ инженерлерді, зерттеушілерді, дәрігерлерді, мұғалімдер мен кәсіпкерлерді алдын ала анықтауға жол ашады. Осылайша, әрбір адам өз қабілетін пайдаланып, өмірден лайықты орнын табады. Үкіметке жаңа ЖИ университетімен интеграцияланған оқушылардың ұлттық цифрлық профильдер жүйесін құруды тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең шаруаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына назар аударды.

— Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бір нәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жанашырлығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы адами қарым-қатынас білім беру үдерісінің өзегі болып қалуға тиіс. Біздің мақсатымыз — педагогтерді басы артық жұмыстан босату, өз миссиясын алаңсыз атқаруына жағдай жасау. Үкімет жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізген кезде осы қағидағы ескеруі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Жалғасы 2-бетте. ►



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫ

Басы 1-бетте.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім алу мүмкіндіктерін кеңейту маңызды міндет екеніне мән берді.

– Жасанды интеллекттің кеңінен пайдалану орталық пен аймақ, қала мен ауыл арасындағы білім алшақтығын қысқартуға қолайлы жағдай жасайды. Әсіресе, бұл шағын жинақты мектептерге қатысты мәселе. ЖИ технологияларын енгізу ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты қолдау үшін өте маңызды. Біздің мақсатымыз – шын мәнінде инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру. Бұл – Әділетті Қазақстан құрудың негізгі алғышарттарының бірі, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жасанды интеллект білімді дамытуға және таратуға оң ықпал етеді. Жаңа технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуіміз қажет. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түптеп келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

– Бұл – озық технологиялардың ықпалы руханиятымызға, тарихи мұраларымыз бен бірегей мәдениетімізге ешқандай кеселін немесе зиянын тигізбеуі керек деген сөз. Оқушыларға берілетін білімнің мазмұны және оның сапасы дұрыс болуы керек. Ең жақсы алгоритмнің өзі қате немесе жеңіл-желпі материал әзірлеп беруі мүмкін. Қайталап айтамын, жасанды интеллекттің білім беру ісінде көмек құралы ретінде қолдануға болады. Алайда білімнің сапасына және тәрбиелік мағынасына машина емес, адам жауапты болуға тиіс. Оқу материалының мемлекеттік стандартқа сәйкес болуын, оның ғылыми және мәдени талаптарға сай келуін мұғалім қадағалап отыруы керек. Ұстаз сапалы білімнің басты кепілі болып қала береді. Сондықтан Үкімет мемлекеттік стандартқа сәйкес сапалы контент жасауға мүмкіндік беретін ұлттық білім беру платформасын әзірлеуі қажет. Осы тұста бір мәселені арнайы атап өткім келеді: біз жасанды интеллект саласында ең алдымен өз елімізден шыққан өнімдерді пайдалануымыз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына жасанды интеллекттің кеңінен енгізу барысында оның қауіп-қатерлерін қаперден шығармауды ескертті.

– Ең алдымен, бұл жерде жасанды интеллекттің теріс пайдалану пайдалану секілді этикалық мәселелер сөз болып отыр. Нейрожелі берген жауапқа сеніп, оқушылар сынып пайымдау, іздену және сараптау қабілетінен айырылып қалуы мүмкін. ЖИ білім беру үдерісін жетілдіруге тиіс, бірақ оның ірзегі негізін алмастырмауы керек. Сондықтан Үкімет академиялық адалдықты қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент. Мемлекет басшысы еңбек нарығы күн өткен сайын өзгеріп жатқанын атап өтті.

– Көптеген кәсіп иелерінің жұмысын енді автоматты жүйе атқаратын болады. Мұндай үрдіс қазірдің өзінде жүріп жатыр. Бұл бірқатар мамандықтың ескіруіне, яғни көптеген адамның жұмыссыз қалуына әкеп соқтырады. Бұл – аса өзекті мәселе. Осы жұмысты қазірден бастап қолға алмасақ, мұндай үрдістің әлеуметтік салдары ауыр болады. Жұмыссыздық белең алып, тұрмыс сапасы төмендеп, әлеуметтік теңсіздік күшеюі мүмкін. Бірақ бұл жерде де жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға болады. Мәселен, ақылды технологиялар қызметкерлердің мықты не әлсіз тұстарын айқындап, кәсіби шеберлігін дамыту үшін нақты ұсыныстар бере алады. Мамандарды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға кең мүмкіндік жасап, күні бұрын әрекет етуге тиіспіз. Бұл ретте тым үлкен қайта даярлау орталықтарын құруға бюджеттен миллиондаған қаржы шығындаудың қажеті жоқ. Жасанды интеллекттің әлеуетін сауатты қолдана білген жөн. Біздің міндетіміз – жұмыссыз қалудың алдында тұрған миллиондаған адамға жаңа мүмкіндік беру. Басқаша айтсақ, жасанды интеллекттің орасан зор әлеуетін жаңа жұмыс орындарын ашуға, адам капиталын күшейтіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға пайдалану керек. Үкіметке жасанды интеллект негізінде әзірленген ұлттық онлайн-платформаны іске қосуды тапсырамын. Сол арқылы жұмыссыз қалған мамандарды болашақта сұранысқа ие болатын кәсіпке бейімдеу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, біздің цифрлық стратегиямызда ұлт мүддесі басты орында тұратынын жеткізді.

– Шын мәнінде, негізгі мәселе жасанды интеллект қана емес. Ең бастысы – елдің егемендігі, ұрпақтың болашағы. Үкімет бүгін айтылған ұсыныстың бәрін мұқият қарастырады. Сөз соңында бір мәселені атап өткім келеді. Жасанды интеллект – цифрлық экономиканың негізгі қозғаушы күші. Сондықтан Кеңестің келесі отырысын осы тақырыпқа арнауды ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, БАӘ Жасанды интеллект мәселелері жөніндегі мемлекеттік министрі Омар Әл-Олама, Sinnovation Ventures және 01.ai негізін қалаушы Ли Кай Фу, Cambrian Futures компаниясының бас директоры Олаф Дж. Грот, Сан-Диегодағы Калифорния университетінің ректоры Прадип Хосла, Тьюринг атындағы сыйлықтың лауреаты Джон Хопкрофт, БҰҰ-ның «ЖИ игілік үшін» бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Әбтесам Әл-Мазруи, Polynome Group негізін қалаушы Александр Ханин және Oxford Insights компаниясының бас директоры Ричард Стирлинг сөз сөйледі.

www.akorda.kz

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ



«ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ» ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев New Silk Way VII Халықаралық көлік-логистика бизнес-форумының ашылуымен құттықтап, бүгінгі іс-шараның мән-маңызы ерекше екеніне тоқталды.

– Бәріміз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісінің ресми ашылуына куә болып отырмыз. «Достық – Мойынты» жолы – шын мәнінде аса маңызды инфрақұрылым жобасы. Бұл жоба Қазақстанның көлік-логистика жүйесінің дамуына, оның тиімділігін нығайтуға айрықша серпін беретіні сөзсіз. Ал тарихымызға үңілсек, осыдан отыз бес жыл бұрын «Достық – Алашаңқай» жобасы іске қосылды. Қазақстан мен Қытайдың теміржолы тоғысты. Бұл еліміз үшін тарихи оқиға болды. Сол жолды салған ардагерлеріміз қазір осы жиынға қатысып отыр. Баршаңызға зор алғысымды айтамын. Мен халыққа Жолдауымда, көлік-логистика саласы – экономиканың қозғаушы күші, халықаралық байланысты нығайтатын негізгі фактордың бірі деп атап өттім. Қазақстанның бұл саладағы әлеуеті зор. Ұлы Жібек жолы Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткен. Қазақ жері ежелден Қытай мен Еуропа арасындағы алтын көпір саналады. Қытай – біздің мәңгі, тату көршіміз әрі сенімді одақтасымыз. Біз бір-бірімізге әрдайым қолдау көрсетеміз. Қос халықтың қарым-қатынасы мызғымас достыққа, өзара сенімге негізделген. Елдеріміздің болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Көп саладағы ынтымақтастығымыз нығаюда. Әсіресе, «Бір белдеу, бір жол» жаһандық жобасының мән-мағынасы айрықша. Баршаңызға мәлім, 2013 жылы Төраға Си Цзиньпин бұл бастаманы Қазақстанда жариялады. Біз осы жобаны барынша қолдаймыз, оны жүзеге асыруға белсене атсалысып жатырмыз. Себебі бұл бастама еліміздің мүддесіне толық сай келеді. «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі – соның айқын дәлелі, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба.

– Жұмысшыларымыз үш жылға жуық уақыт бойы күні-түні табанды еңбек етті. Осындай белсенді жұмыстың арқасында теміржол мерзімінен бұрын іске қосылмақ. Мұны, шын мәнінде, тарихи сәт деуге болады. Бұл –

баршаңызға ортақ қажырлы еңбектің жемісі. Бәріңізді шын жүректен құттықтаймын! Зор ризашылығымды білдіремін. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экспорттық тауарларды жеткізу уақытын қысқартып, транзиттік әлеуетімізді күшейте түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің бүгінде Еуразиядағы басты транзит хабының біріне айналғанын атап өтті.

– Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты жалғап тұр. Жеріміз арқылы 5 теміржол дәлізі өтеді. Оның бәрі әлемнің ең ірі сауда нарықтарына жол ашады. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Соңғы он жылда осы салаға шамамен 35 миллиард доллар инвестиция салынды. Мен халыққа Жолдауымда бірқатар жобаны уақтылы жүзеге асыру туралы нақты тапсырма бердім. Алдағы уақытта 5 мың шақырым теміржол салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ 11 мың шақырым теміржол жөнделеді. Қазір «Мойынты – Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі учаскелер жаңғыртылады. Бұл бағдар – Транскаспий халықаралық көлік бағдарының басты бөлігі. Мұның бәрі Еуропа пен Азияның арасын жалғап, Транс-Қазақстан теміржол бағытының, яғни Орта дәліздің қарқынды дамуына ықпал етеді. Жалпы, бәсекеге қабілетті ел болу үшін экономикамыздың мейлінше қуатты болуына баса назар аударуымыз керек. Бұл ретте, көлік-логистика саласының орны бөлек. Сондықтан Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру негізгі басымдықтың бірі болып қала бермек. Теміржол саласының алдында тұрған міндеттер – айқын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта бұл салаға цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын енгізе отырып, оны ел экономикасының озық бағыты ретінде дамыту көзделгеніне, алда әлі де ауқымды жұмыс тұрғанына, сол себепті барлық жоспарды уақтылы, дер кезінде орындау өте маңызды екеніне назар аударды.

Сондай-ақ телекөпірде Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, «Қазақстанның Еңбек Ері», темір жол саласының ардагері Қалтай Сәмбетов сөз сөйледі.

www.akorda.kz

ЖӘРМЕҢКЕ

ЕЛОРДАҒА ЖЕТІСУДЫҢ ТARTУЫ

Өткен демалыс күндері елордада өткен ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне жетісулық өндірушілер жалпы көлемі шамамен 155 тоннаны құрайтын 54 түрлі өнім әкелді.

Жәрмеңкеге екі қаладан – Талдықорған мен Текеліден және Алакөл, Ақсу, Сарқан, Панфилов, Кербұлақ, Қаратал, Көксу, Ескелді ауданынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысты.

Астанаға жеңілдетілген бағамен барлығы 154,8 тонна азық-түлік жеткізілді. Оның ішінде ет, балық, сүт өнімдері, көкөністер, жемістер, бал және басқа да өнім түрлері бар. Ақсу және Көксу аудандары елорда тұрғындарын өз зауыттарында өндірілген сапалы қантпен қуантса, Ескелді ауданы алма, жеміс-жидек, Кербұлақ ауданы картоп пен бал тарту етті. Етке сұраныс жоғары болды.

Астана тұрғыны Айнұр Садықова: «Мен картоп пен алма сатып алдым. Айырмашылығын, балғындығын және табиғилығын бірден сезе аласыз. Бұл отбасына қажет» деген ойымен бөлісті.

Ал бағаларға қатысты зейнеткер Нұрлан Ахметов: «Дүкендерде ет қымбат. Бірақ мұнда біршама арзанырақ. Қаратал ауданынан сиыр етін сатып алып, сапасына риза болдым», – дейді ол.

Жас ана Әлия Кеңес көкөністердің үлкен таңдауын атап өтті: «Мен Көксу ауданынан сәбіз және қырыққабат сатып алдым. Барлығы таза әрі балғын. Күні кеше ғана терілгені анық. Жәрмеңке ұйымдастырушыларға көп рахмет».




Ұйымдастырушылардың бағалауы бойынша екі күнде шамамен 128,8 млн. теңгенің өнімі сатылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Фотосуреттер облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан алынған

ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЧИЛИЙСКАЯ КОМПАНИЯ ПОСТРОИТ В ТАЛДЫКОРГАНЕ ЗАВОД

В Талдықоргане чилийская компания построит завод по производству мелюющей среды. Первый камень в основание нового предприятия планируется заложить уже в следующем году.



На встрече с зарубежными инвесторами, посвященной реализации данного инвестпроекта, заместитель акима области Асет Канагатов отметил, что работа над реализацией крупного инвестиционного проекта ведется поэтапно с периода подписания оффтейк-контракта.

«Инвестиционные проекты – это важнейший драйвер экономики. В области Жетісу реализуется ряд крупных инвестиционных проектов. После подписания ключевых документов, проведения ряда встреч со своей стороны нами подготовлен участок на территории индустриальной зоны «Талдықорган» для размещения будущего завода. От имени руководства области хочу подчеркнуть, что с нашей стороны в рамках действующего законодательства будет обеспечено сопровождение и необходимая поддержка инвестпроекта, который даст мультипликативный эффект для экономики региона, в том числе благодаря созданию постоянных рабочих мест», – сказал А. Канагатов, задав ряд конкретных вопросов, касающихся сроков реализации проекта и предварительного графика строительных работ.

Как отметил генеральный директор компании «ME Elecmetal» Эухенио Артеага, область Жетісу занимает стратегически выгодное географическое положение, обладает необходимой логистикой и ресурсами в сфере энергетики, что в комплексе дает возможность успешно реализовывать готовую продукцию.

«Наш проект нацелен на развитие металлургической отрасли. Продукция будет реализовываться как на внутреннем рынке, так и отправляться на экспорт в страны Центральной Азии. После решения всех организационных вопросов закладку первого камня в основание будущего завода мы планируем осуществить уже в марте следующего года», – сообщил он, а также подробно рассказал об основных этапах реализации проекта.

В завершение встречи, обсудив все текущие вопросы, касающиеся проекта, стороны договорились о дальнейшем расширении экономического сотрудничества.

Напомним, подписание оффтейк-контракта по поводу строительства завода по производству мелюющей среды между группой «KAZ Minerals» и чилийской компанией-инвестором «ME Elecmetal» состоялось в начале марта этого года в Астане. В мероприятии приняли участие руководство Министерства промышленности и строительства, представители посольств двух стран, акимата области и компаний.

Ожидается, что благодаря вводу нового предприятия мощностью до 180 тыс. тонн стальных мелюющих шаров в экономику области Жетісу будет привлечено около 70 млн долларов инвестиций, создано порядка 150 рабочих мест. Запуск завода запланирован на 2028 год.

ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ПРОИЗВОДИТЕЛЬ БОЛЬШОЕ ВПЕЧАТЛЕНИЕ ОТ «ASMA INDUSTRIAL»

Казахстанская ассоциация энергоремонтных, проектных, инженеринговых компаний и производителей энергетического оборудования (КАЗЭПИ), АО «Институт развития электроэнергетики и энергосбережения», Национальная палата предпринимателей «Атамекен» продолжает в интерактивном режиме знакомить с производственными площадками ведущих отечественных товаропроизводителей (ОТП).

Очередная встреча прошла в области Жетісу, где участники посетили ТОО «Asma Industrial» – первый в стране завод по производству промышленных аккумуляторов полного цикла.

Предприятие демонстрирует новый уровень развития промышленности, сочетая инновационные технологии и использование отечественного сырья. Специализируется на производстве современных и высокоэффективных аккумуляторных батарей, предназначенных для широкого применения в различных отраслях, включая нефтегазовую, горнодобывающую промышленность, телекоммуникацию, энерге-

тику, железные дороги, а также в качестве источника бесперебойной энергии в «зеленой» энергетике – всего около 170 видов, начиная от маленьких и заканчивая габаритными. Продукция соответствует мировым стандартам и экологической безопасности. Большая ее часть поставляется в регионы Казахстана, остальная – в Россию и страны Центральной Азии.

Знакомясь с заводом, гости отметили производительность труда, рациональное размещение оборудования, чистоту и отсутствие выбросов свинцовых частиц в цехах, а самое главное – использование инфракрасных панелей на потол-

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ ПОЗДРАВИЛИ ЕДИНСТВЕННОГО В РЕГИОНЕ ВЕТЕРАНА ВОВ



В области Жетісу в честь Дня пожилых людей чествовали единственного в регионе участника Великой Отечественной войны Ыскака Кусаинова. От имени главы региона фронтовика с праздником поздравили заместитель акима области Диас Есгаулетов и председатель Совета ветеранов региона Ермек Келемсеит.

Побеседовав с ветераном и поздравив с праздником, Диас Рахметович и Ермек Абилямажинович

вручили ветерану книгу «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс», изданную к 80-летию Великой Победы, букет цветов и праздничный продуктовый набор. В свою очередь 101-летний ветеран, поблагодарив за оказанное внимание, произнес слова благословения – бата.

Кусаинов Ыскак Абиляевич родился в 1924 году в селе Кольбай Алакольского района. В 1942 году ушел добровольцем на войну. Служил он в дивизии «Зенит» Амурского военно-морского флота, имеет звание «Отличник Военно-морского флота». Был участником советско-японской войны. Вернувшись домой и окончив педучилище, стал учителем в Екпидинской сельской школе, затем дирек-

тором. 40 лет проработал в сфере образования, стал автором нескольких учебных пособий для школьников. За боевые заслуги награжден орденом Отечественной войны II степени. Является кавалером ордена Трудового Красного Знамени, а также обладателем ряда почетных медалей и наград. В мирное время награжден медалью «Ерен еңбегі үшін».

Следует отметить, что о ветеране Великой Отечественной войны Ыскаке Кусаинове к 9 Мая текущего года была выпущена отдельная книга в рамках проекта «BATYR MAN». Над ее созданием, наряду с сотрудниками областного молодежного ресурсного центра, работал и искусственный интеллект: с его помощью были собраны и обработаны архивные материалы, а также разработана обложка издания.

Добавим, что в этот день ветерана Великой Отечественной войны поздравил и аким города Талдықорган Ернат Бәзіл, выразивший свое почтение старейшему аксакалу и многим другим пожилым людям.

«Ваш жизненный путь – пример для будущих поколений. Вы сумели показать высокий образец труда и терпения, мудрости и воспитания. Ваши благословения – наше благополучие, а ваша поучительная жизнь – наш ориентир. Пусть здоровье ваше будет крепким, а лица – светлыми», – сказал он, передавая искренние пожелания.

Отметим, что сегодня в городе Талдықорган проживает более 28 тысяч пожилых людей. Среди них есть пятеро уважаемых долгожителей, чей возраст перевалил за сто лет.

АГРАРНЫЙ СЕКТОР

ЗАВОДЫ НАЧАЛИ ПРИЕМКУ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ

В области Жетісу два сахарных завода – Аксуский и Коксуский – начали приемку урожая сахарной свеклы этого года. Всего на двух заводах планируется переработать 528 тыс. тонн сладкого корнеплода.

По данным областного управления сельского хозяйства, в этом году в регионе сахарная свекла занимает порядка 12,2 тыс. га. На данном этапе уборка началась в Аксуском, Алакольском, Сарканском, Ескельдинском и Коксуском районах. В уборке занято 113 комбайнов и 52 ботвоуборочные машины. Мощность комбайнов позволяет в день убирать до 700 га. На сегодняшний день выкопано 240 га, собрано свыше 10 тыс. тонн продукции, средняя урожайность – 422,6 ц/га.

«Сахарная свекла для региона – приоритетная сельскохозяйственная культура, и у нас ее умеют выращивать. За счет местного бюджета за тонну сданной продукции выплачивается по 25 тысяч тенге в качестве субсидий, еще по 15 тысяч тенге за тонну выплачивается заводами. В результате закупочная цена составляет 40 тысяч тенге. Также свекловоды получают поддержку в

виде субсидий за приобретенные семена, минеральные удобрения, пестициды, им предоставляется удешевленное ГСМ, техника в лизинг. Всего в области действуют 25 сервисно-заготовительных центров свекловичного направления, где имеется около 450 единиц сельхозтехники. На сегодня оба завода начали приемку урожая и готовы к дальнейшей переработке. Аксуский сахарный завод принимает до 3 тысяч тонн в день в соответствии с очередью автомобилей, а Коксуский сахарный завод по графику принимает 2 тысячи тонн в день. В целом ожидается урожай в 528 тысяч тонн. Из них 292 тысячи тонн будут направлены на Аксуский сахарный завод, а 236 тысяч тонн – на Коксуский», – сообщил руководитель областного управления сельского хозяйства Нурдаулет Кененбаев.

Мнением поделились и аграрии.

К слову, в Коксуском районе в этом году выращиванием сахарной свеклы занимались 136 хозяйств, в том числе КХ «Жалайыр».

«Мы в своем крестьянском хозяйстве в нынешнем сезоне сажали сахарную свеклу на 40 гектарах земли. Уже начали свеклоуборочную страду. Вся необходимая техника у нас есть, включая свеклоуборочный комбайн. Вот, в числе первых привезли свеклу на приемный пункт, планируем сдать все быстро и убрать урожай без потерь. В прошлом году мы начали сдачу свеклы с 15 сентября и за десять дней закончили. Хотелось бы, чтобы эта осень была тоже такой удачной. Кстати, мы еще и сою сажаем для того, чтобы сдавать ее на перерабатывающее предприятие, которое действует в нашем районе», – отметил руководитель хозяйства «Жалайыр» Максат Абдрахманов.

Не менее успешно, несмотря на погодные условия, приемка сахарной свеклы стартовала на Аксуском сахарном заводе. Всего в районе в этом году сахарная свекла засеяна 94 крестьянскими хозяйствами на 2400 га. Свой урожай на сахзавод сдают и аграрии соседних Сарканского и Алакольского районов. Запуск переработки на заводе запланирован на 7 октября.

Пресс-служба акима области Жетісу



ках. К слову, инфракрасные панели – это вид отопительных приборов, нагревающие посредством излучения инфракрасных волн поверхности предметов, а не воздух.

Тепло от нагретых поверхностей затем передается воздуху, создавая комфортную температуру. По словам участников, к данной технологии предприятиям еще предсто-

ит перейти, тогда как здесь она уже работает.

«Мы кроме знакомства с предприятием получили глубокий технологический ликбез. Я удивлен! Большое впечатление я прежде получил от посещения ТОО «Karlskrona LC AB» – завода по производству насосов в Шымкенте, и сегодня вот – от «Asma Industrial». Мы лично посмотрели все, убедились в высокотехнологическом процессе производства и качественной продукции, поэтому предлагаем всем не искать ее на стороне, а приезжать в область Жетісу – родину аккумуляторов», – в завершение экскурсии сказал председатель ОЮП «Казахстанская ассоциация энергоремонтных, проектных, инженеринговых компаний и производителей энергетического оборудования» Сергей Агафонов.

В свою очередь директор региональной Палаты предпринимателей Даурен Онолбаев отметил, что такие мероприятия являются одной из ключевых мер поддержки, которые реализует Национальная палата предпринимателей в целях стимулирования развития отечественного производства, повышения его конкурентоспособности и узнаваемости.

Алма УРАЗАЕВА



Малайды талсандырған Талдықорған

Жер жәннатының бас шаһары Талдықорған тағы бір жасқа қадам басты. Ел экономикасымен бірге еңсе тіктеп, күн санап көркейіп келе жатқан қала төл мерекесін сән-салтанатымен атап өтті.



«Жастар» саябағында дүбірлі думан ұйымдастырылып, мерекелік көңіл күйді еселей түсті. Торқалы тойдың шымылдығын Оқушылар сарайының өнерпаздары ашып, сахнада өз өнерлерін паш етті. Жетісулық жас таланттар Қала күніне орай бар өнерін ортаға салып, жұртшылықты тәнті етті.

Іс-шара мерекелік концерттермен, ойын-сауық бағдарламаларымен жалғасып, қала тұрғындарын қуанышқа бөледі. Келген жұрт таңдай қағып, көтеріңкі көңіл күймен қызықтады.

Бір күндік мереке Талдықорған тұрғындарының жүрегінде мәңгілік ұмытылмас әсер қалдырды.

Облыс орталығы Талдықорғанда қала күніне арналған мерекелік шаралар аясында бірқатар азаматтар қоғамдық өмірге қосқан үлестері үшін марапатталды.

Шара шымылдығын ашқан қала әкімі Ернат Бәзіл барша талдықорғандықтарды Қала күнімен құттықтап, ақжарма тілегін білдірді. Шара аясында қала әкімі қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдени және қоғамдық өміріне сүбелі үлес қосқан азаматтарды Құрмет грамотасымен және түрлі номинациялармен марапаттады.

Қала әкімі Ернат БӘЗІЛ:

- Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланғаны белгілі. Бүгін марапатталған әр азамат қаламыздың дамуына өз еңбегімен үлес қосып жүрген жандар. Осы ретте, түрлі салада адал еңбек етіп жүрген азаматтарға алғысымызды білдіру біздің парызымыз. Баршаңызды Қала күнімен құттықтаймын!,- деді.

Марапатталғандар қатарында білім, денсаулық сақтау, мәдениет, коммуналдық қызмет, кәсіпкерлік және басқа да салаларда еңбек етіп жүрген азаматтар бар. Олардың еңбегі қаланың келбетін жақсартуға бағытталған нақты істермен көрініс табады.

Сонымен бірге, түрлі салада үздік нәтиже

көрсеткен мекемелер мен тұрғындар арнайы номинациялар бойынша, атап айтқанда: «Үздік аула», «Үздік көпқабатты тұрғын үй», «Үздік тазалықшы», «Үздік ауылдық округ», «Үздік сауда нысаны», «Үздік үлгілі тұрғын үй», «Үздік аулашы», «Үздік үлгілі тұрғын үй аяласы» және «Үздік коммерциялық нысан» атауларымен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Айта кетейік, биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» елімізде кең көлемде аталып өтуде. Осыған орай, Талдықорған қаласында да еңбек адамын ұлықтауға бағытталған іс-шаралар легі жалғасуда. Қала күні аясында ұйымдастырылған марапаттау рәсімі соның бір айқын дәлелі іспеттес.

Қала күніне орай және «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Жетісу құрылыс-техникалық колледжінің «Дәнекерлеу ісі» мамандығының студенттері өз қолдарымен жасаған жүрекше пішінді ерекше мүсінді қалаға тарту етті.

Бұл бірегей мүсін қаладағы жағажай аумағына орнатылды. Темірден жасалған жүрек жастардың қаламызға деген махаббаты мен шынайы құрметінің белгісі іспеттес. Мұндай бастама ел ертең саналатын жас буынның өз қаласының көркеюіне қосқан нақты үлесі.

Қала әкімі Ернат Бәзіл жүрек мүсінін ашылу рәсіміне арнайы қатысып, жастарға алғысын білдіріп, олардың бастамасына жоғары баға берді.

«Қаламыздың тарихын жазу бүгінгі жастардың қолында. Сіздердің осындай игі істеріңіз ертеңгі ұрпаққа өнеге болып, қаланың көркіне көрік қосатын мағыналы бастамаға айналуда. Бұл жүрек мүсіні мейірім мен махаббаттың, бірліктің символына айналсын», - деді қала басшысы.

Жүрек пішінді мүсіннің алдағы уақытта шаңырақ көтеруге ниетті жастардың сүйікті орнына айналары сөзсіз.

Облыс орталығында дәл мереке күні 14



сәби дүниеге келді: 11 ұл және 3 қыз. Бұл жаңалық көптеген отбасы үшін қос қуаныш сыйлады. Енді олар қала мерекесін балаларымен бірге туған күн ретінде атап өтетін болады.

Қалалық денсаулық басқармасының мәліметінше, барлық аналар мен нәрестелердің жағдайы жақсы.

Бұл тек қуанышты жайт ғана емес, Талдықорғанның болашағының жарқын белгісі, жаңа өмірлердің алтын бесігіне айналып отырғанын еске салатын ерекше сәт. Сонымен қатар Қала күніне орай ауқымды безендіру жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда, қаланың негізгі көшелеріне мерекелік жалаушалар ілініп, «Жастар» саябағы абаттандырылды. Саябақ аумағында бас сахна мен оның екі жағындағы үлкен планшетниктер жаңартылды.

Көркем безендіру жұмыстары қала

тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл күй сыйлап, Талдықорғанның күн санап көркейіп келе жатқанын тағы бір мәрте көрсетті.

«Жастар» саябағында кең көлемде мерекелік концерт ұйымдастырылып, оған 60 мыңнан аса қала тұрғыны мен қонақтар қатысып, тамаша кештің куәсі болды.

Концерт бағдарламасында жергілікті өнерпаздармен қатар, қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Нұрболат Абдуллин, Балжан Бидаш, Олжас Абай және Адемі сияқты танымал әртістер өнер көрсетті. Көрермендер олардың ерекше орындау шеберлігі мен жанды дауыстарына тәнті болды.

Мереке соңында аспанды керемет оташу сәулелері жарқыратып, кешті танымал диджей Слештің өнерімен қорытындылады.

Бұл шара қала күнінің рухын көтеріп, тұрғындарға ұмытылмас әсер сыйлағаны сөзсіз.

Сонымен қатар Талдықорған қаласының ипподромында Қала күніне арналған Талдықорған қаласы әкімінің кубогы үшін ұлттық бөйге жарысы өтті. Шараны қала әкімдігі, Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы және жергілікті атбегілер бірлесе ұйымдастырды.

Саптанатты ашылу рәсімінде қала әкімі Ернат Бәзіл жиналған жұртшылықты мерекелік құттықтап, ұлттық спортты насихаттаудың және мәдени мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызын атап өтті.

Бөйгеге еліміздің әр өңірінен 200-ге жуық жүйрік ат қатысты. Жарыс үш кезек бойынша өтті:

▲ Тай жарысы – 6 шақырым:

- I орын – Дамир Асылқұлов (Жамбыл ауданы, Шиен ауылы). Ат иесі – Аманбек Муттахи.

- II орын – Раян Тілеубай (Жамбыл ауданы, Шиен ауылы). Ат иесі – Арыстан Кудибаев.

- III орын – Ахмет Әбен (Алматы облысы, Жетіген ауылы). Ат иесі – Серік Сарманбетов.

▲ Топ бөйге – 18 шақырым:

- I орын – Ақжүрек Жақып (Ескелді ауданы). Ат иесі – Марлен Дауталипов.

- II орын – Нұрәли Айтқабай (Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы). Ат иесі – Ғабит Садырқұлов.

- III орын – Бақытбек Жоламан (Талдықорған қаласы). Ат иесі – ШҚ «Мадила».

▲ Аламан бөйге – 27 шақырым:

- I орын – Жетісудың даңқты шабандозы Амангелді Хамза топ жарып, бас жүлде – Лада көлігін ұтып алды. Ат иесі – Қайрат Ізбасар.

- II орын – Мерей Гарапуллин (Алматы облысы, Балқаш ауданы). Ат иесі – Сапарғали Сатбаев.

- III орын – Асланбек Абдықал (Алматы қаласы). Ат иесі – Бағлан Нұрбасықов.

Жарыс көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлап, ұлттық рух пен салт-дәстүрімізді жаңғыртты.

Айта кетейік, Қала күніне арналған мерекелік шаралар бөйге жарысымен түйінделді.

ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Талдықорған қаласындағы «Атамекен» көрме кешенінде «Еңбек күніне» орай және Қала күні аясында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

Іс-шараға қала бойынша 25-тен астам жұмыс беруші ұйым қатысып, барлығы 150-ге жуық бос жұмыс орынын ұсынды. Ұсынылған бос орындар қарапайым жұмысшылардан бастап, түрлі салалардағы білікті мамандарға дейінгі кең ауқымды қамтыды.

Жәрмеңкеге Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл арнайы қатысып, жұмыс берушілермен және жұмыс іздеуші жастармен тілдесті. Ол қатысушыларға сәттілік тілеп, жұмыспен қамту бағытындағы жоспарларымен бөлісті.

«Халықты тұрақты жұмыспен қамту біздің басты міндеттеріміздің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы - еліміздің



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретін маңызды қадам болды. Өндірістің өркендеуі, техникалық жаңашылдықтардың дамуы, ең бастысы жұмыссыздықтың азаюы тікелей жұмысшы мамандықтардың беделі мен маңыздылығына байланысты. «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасындағы тиімді байланысты орнатуға бағытталған маңызды алаң. Бұл іс-шара арқылы көптеген азаматтар өзіне лайықты қызмет тауып, жаңа еңбек жолын бастай алады деген сенімдемін», - деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

Жыл басынан бері, яғни қаңтар-тамыз айлары аралығында 6 233 қала тұрғыны тұрақты жұмысқа орналасқан.

Айта кетейік, жәрмеңкеге 300-ден астам қала тұрғыны қатысса, олардың басым бөлігі жастар.

ТЕРРОРИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ - НАЗАРДА

Қала әкімдігінің үлкен мәжіліс залында қала әкімі Ернат Бәзілдің төрағалығымен Талдықорған қаласы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырыста Талдықорған қаласы бойынша жастардың (кәмелетке толмағандардың) радикалдануын алдын алу шараларын ұйымдастыру мәселелері қаралды. Сонымен қатар, терроризм актісі жасалған немесе оның қауіпі туындаған жағдайда төтенше жағдайды болдырмау бағытындағы тұрғындарға арналған іс-қимылдар алгоритмінің орындалуы туралы баяндамалар тыңдалды.

Жынында маңызды мәселелер талқыланып, оларды шешу жолдары қарастырылды. Нәтижесінде уәкілетті мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

Құрметті ұстаздар қауымы және білім саласының ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Білім саласын дамыту – елдің болашағын айқындайтын маңызды басымдық. Ол халықтың әл-ауқатын арттырудың, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болудың және кемел келешекке қадам басудың негізгі алғышарты болып саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылы білім саласының дамуына нақты міндетті атап көрсетті. Бұл міндеттер еліміздің білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған стратегиялық бағдар болып табылады. Алдымыздағы басты мақсат – сапалы білім беру жүйесін дамыту, жас ұрпаққа қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, ұстаздардың кәсіби беделін арттыру. Бүгінде саладағы жағымды жаңалықтар легі де аз емес. «Батыс» және «Құлагер» шағын ауданында 1200 орынды мектептің жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Сондай-ақ, алдағы уақытта «Жастар-2», «Көктал» тұрғын үй алабында 900 орынды білім ошағын салу жоспарлануда. Қадірменді ұстаздар! Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Бұл орайда сіздердің еңбектеріңіз ерен, ұрпақтың ұлы мұраты жолындағы қызметтің жөні де, жолы да бөлек. Мерейлі мерекемен құттықтай отыра, білімге баулыған оқушыларыңыздың оқуда озат, өмірде ұлтжанды, ел азаматтары болуына тілектеспін. Мәртебелеріңіз асқақтап, абыройларыңыз арта берсін! Отбасыларыңызға амандық, еңбекте шығармашылық табыс тілеймін!

Ернат БӘЗІЛ, Талдықорған қаласының әкімі

ҰСТАЗ КӨРГЕН ХАТ ТАНЫР

Ұстаз – ұлт ертеңі қалыптастыратын тұлғалардың бірі. Өйткені ол тек білім үйретуші ғана емес, жас ұрпақ сана-сына жарық сәуле түсіретін шамшырақ іспетті. Оның шәкіртіне берген әрбір сөзі – болашақтың іргетасы, әрбір ісі – қоғам дамуының қозғаушы күші. Қарапайым ғана сынып бөлмесінен басталатын сабақ нәтижесі кейін ел тағдырына ықпал ететін үлкен істердің бастауына айналмақ. Тарихқа көз жүгіртсек, әр дәуірдің ұлы тұлғаларының қасында оларға бағыт-бағдар берген ұстазы тұрған. Ескендірге – Аристотель, Шәкәрімге – Абай, Жамбылға – Сүйінбай үлгі болғаны секілді, әрбір адамның жетістік шыңын бағындыруында ұстаздың ықпалы айқын.

ЕРЕН ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласының бірқатар өкілін марапаттады. Олардың арасында қаламыздағы **К. Ушинский атындағы №7 орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Шырын ЖҰМАҒАЛИЕВА** да бар. Ұстаз білім саласына қосқан зор үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды. Ол кәсіби білікті маман, коммуникативті қабілеті жоғары, жаңалыққа құштар мұғалім ретінде ерекшеленеді. 40 жылдық тәжірибесі бар педагогтың оқушылары қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде нәтиже көрсетуде. «Мұғалім-TAICS» республикалық мұғалімдерді қолдау жобасының, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың қатысушысы, сондай-ақ, «Халықаралық зерттеу тапсырмалары», «Функционалдық сауаттылыққа байланысты қысқа мерзімді жоспар тапсырмаларын құрастыру» сынды бірнеше байқау жүлдегері. Марапат иегері «Маған көрсетілген осынау жоғары құрмет тек менің емес, барша ұстаздар қауымының еңбегіне берілген баға деп білемін. Бұл – үлкен жауапкершілік. Президент атап өткендей қазіргідей құбылмалы заманда сапалы біліммен қатар, саналы тәрбиенің маңызы ерекше. Еліміздің болашағы саналар шәкірттеріміздің жарқын келешегі үшін аянбай еңбек ете беремін. Осы қуанышты сәтті бірге бөліскен баршаңызға алғысымды білдіремін»-деді.

ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ БЕЙНЕСІ

Гүлнар ИСЕМБАЕВА, Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейі физика пәнінің мұғалімі, «Үздік мұғалім» номинациясының иегері: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады». Бүгінде білім беру саласы қарқынды өзгерістер кезеңін бастан кешуде. Жаңа технология, цифрландыру, жасанды интеллект дәуірінде мұғалімнің рөлі арта түсуде. Бүгінгі қоғамда ұстаздың мәртебесі бұрынғыдан да жоғары. Себебі ХХІ ғасыр – білім мен ғылымның

дәуірі. Ал, сол білімді шәкірт бойына дарытып, саналы азамат етіп тәрбиелейтін тұлға – заманауи мұғалім. Заманауи мұғалім – тек пән үйретуші ғана емес, ол шәкіртінің жол көрсетушісі әрі шабыт берушісі. Бүгінгі ұстаз оқушыны тыңдай білетін, оның пікірін ескеретін, шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасайтын жаңа тұрпаттағы маман болуы тиіс. Баршаға мәлім Президенттің биылғы Жолдауында жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни, мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиістігін, осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн екенін атап өткен болатын. Цифрлық технологияның дамуы білім беру саласына тың серпін екелері сөзсіз. 37 жылдық еңбек өтіліме сүйене отырып айтар болсам, уақыт ағымына ілескен, заманауи дағдыларды жетік меңгерген, кәсіби шеберлігін жетілдірген ұстаз қоғам дамуына нақты үлес қоса алады. Бүгінгі мұғалім – жаңашылдыққа ашық, рухани бай, кәсібіне адал тұлға.

ӘРІПТЕС ТІЛЕГІ

Айнұр НҮРҒАМИТ, №12 ОМГ биология, химия пәнінің мұғалімі: Білімнің қайнар көзі ұстаздан бастау алады. Шәкірттің болашағына бағыт беріп, қолына қалам ұстатып, алғаш әріп танытатын да осы жандар. Оқушы алдындағы жауапкершілік біздердің қасиетті борышымыз. Ұстаздық қиындыққа толы, бірақ бір мезетте шексіз бақыт сыйлайтын мамандық. «Ұстазды алтын діңгекке теңер едім», – деген Ыбырай Алтынсариннің сөзі бұл жолдың салмағын дәл бейнелесе керек-ті. Өйткені, әр шәкірт жетістігінің артында мұғалім қолтаңбасы жатыр. Біздер үшін шәкірт тәрбиелеу міндет қана емес, өмірлік мұрат сынды. Ортақ мақсат, ортақ мүдде бір: ол – білімді де жасампаз ұрпақ қалыптастыру. «Бала – жас шыбық, қалай баптасаң, солай өседі» дегендей, ұрпаққа дұрыс тағылымды тәрбие беру ұстаз бен ата-ананың бірлескен жұмысы. Меніңше «мектептің жүрегі» педагогқа деген құрмет пен сенім ешқашан азаймауы тиіс. Еңбегі бағаланған ұстаз қашанда жаңа белестерге шабыттанды.

АТА-АНА АЛҒЫСЫ

Ләйлә ОМАРОВА, Құлжабай Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп-лицейі: Бұл күн – баламызға тәрбие-тәрбие, сапалы білім беріп жүрген аяулы ұстаздарға шынайы алғыс айтуға мүмкіндік беретін ерекше сәт. Ұстаз – бала бойына тек білім нәрін сеуіп қана қоймай, оның адами қасиеттерін қалыптастыратын жан. Әрбір ата-ана баласының жақсы азамат болып өсуін қалайды. Бұл тұрғыда сол мұратқа жеткізетін мұғалімнің мейірімі мен еңбегі деп білемін. Ұстаз шәкіртін алға жетелейді, қабілетін ашып, үлкен өмір жолына дайындайды. Бұл – баға жетпес еңбек. Осы орайда қос балам Раяна мен Дарынның бойына білім мен тәрбие дарытып жүрген ұстаздарға шын жүректен алғысымды жеткіземін. Өмірінің көктемі мен күзін, қысы мен жазын ұрпақ тәрбиесіне арнаған бағбандар еңбегіне сәттілік тілейміз. Балаларымыздың қалыптасу жолында аянбай тер төгіп жүрген жандарға алғысымыз шексіз.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА ҒАСЫР ЖАСАҒАН ӘЖЕ

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында 28 мыңнан астам қария тұрады. Олардың арасында жүз жастан асқан бес қариямыз бар. Солардың бірі еңбек майданында тер төгіп, еліне адал қызмет еткен Оразбекова Иісхан Жұмаділқызы.



Иісхан апа Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы өңірінің тумасы, ол Ақсу күй совхозында 40 жылдан аса уақыт еңбек етіп, озат малшы атанған. Бүгінде Мейірхан ата мен Иісхан апа 8 перзентінен тараған 40 немере, 82 шөбере және 7 шөпшек сүйіп отыр.

Бақытты әже жасына қарамастан құрақ құрап, көрпе тігіп, қолөнермен айналысуын тоқтатпаған. Ұрпақтарына тектілікті ғана емес, ұлттық салт-дәстүр мен еңбекқорлықты да аманаттап отырған жан. Әжеміздің үлкен перзенті бүгінде 70-ті алқымдаса, кенжесі 50 жасқа аяқ басқан. Оның ұрпақтары еліміздің әр саласында, әсіресе білім мен медицинада еңбек етіп, қоғамның дамуына өз үлестерін қосуда.

«Қызыл-қыстау заманды көрдік, бірақ соның бәрінен ел болып өттік. Қазіргідей бейбіт күнге жеткенімізге шүкір. Ұрпақ аман болсын, Отанымыз тыныш болсын!», – дейді Иісхан апа.

Айта кетейік, бүгінде Талдықорғанда 542 тыл еңбеккері бар. Солардың қатарында көзі тірі Ұлы Отан соғысының жалғыз ардагері Ысқақ Хусайынов.

Тұтас бір ғасырдың шежіресі, тарих пен тағылымның алтын арқауы болған қазыналы қарттарымыз аман болсын!

ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАС

Облыс орталығы Талдықорған қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында Қарттар күніне орай ерекше концерт ұйымдастырылды.

Концертте Д. Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясының өнерпаздары жанды дауыста, оркестрдің сүйемелдеуімен есті әндерді шырап, қарттарымызға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Бұл шара қарияларға құрмет пен алғыс білдіріп, олардың өмірлік тәжірибесі мен рухани байлығын дәріптеуге арналды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

1990 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен Халықаралық қарттар күні әлемде жыл сайын 1 қазанда атап өтіледі. Бұл мереке – елдің өскін-өркендеуіне үлес қосқан ардақты қарияларға алғыс білдірудің айқын көрінісі. Быыл Талдықорғанда 1 қазаннан 1 қарашаға дейін ерге

жастағы азаматтарды әлеуметтік қолдау айлығы ұйымдастырылады. Бұл туралы «Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы Мәуі Шокенов БАҚ өкілдерімен кездесуге баяндады.

Қаламызда бүгінде 28 600-ден астам қарт тұрады. Олардың ішінде ғасыр жасаған 5 қария мен 542 тыл еңбеккері бар. Айлық аясында аға буынға құрмет көрсетуге бағытталған ауқымды шаралар жоспарланған. ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің үйлеріне бару, 100 жастан асқан қарияларға арнайы құрмет көрсету, сондай-ақ әлеуметтік сала қызметкерлерінің күніне орай ардагерлерді марапаттау ұйымдастырылады.

Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» қайырымдылық акциясы аясында «Достық» мейрамханасы мен «Тино пицца» кафесінде мерекелік дастархан жайылып, ардагерлерге құрмет көрсетіледі. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы спорттық жарыстар, турнирлер мен спартакиадалар ұйымдастырып, қарттарды дене шынықтыруға тартылады. Сондай-ақ егде жастағы азаматтарға компьютерлік және цифрлық сауаттылық бойынша сабақтар өткізіліп, смартфон қолдану, онлайн қызметтерді пайдалану дағдылары үйретіледі.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында тегін заңгерлік кеңес беріле, қалалық емханада профилактикалық медициналық тексерулер жүргізіледі. Оқушылар мен студенттер де айлықа белсенді аталысып, жалғыз тұратын зейнеткерлерге көмек көрсету мақсатында волонтерлік қайырымдылық акцияларына қатысады.

Мәдени шаралар қатарында І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты өншілер байқауы, сондай-ақ Дөнеш Рақышев атындағы филармонияда «Қарттарым – асыл қазынам» атты салтанатты кеш өтеді. Мұнда ардагерлердің шығармашылық ұжымдары өнер көрсетіп, түрлі концерттер мен конкурстар ұйымдастырылады.

Айлық аясында тұрғындардың назарын мерекеге аудару мақсатында Назарбаев даңғылы бойына арнайы баннер ілінеді.

Қарттарға құрмет көрсету айлығы – тек мерекелік шаралар ғана емес, қоғамның аға буынға деген ыстық ықыласын білдіретін маңызды қадам.

Арай НҮР



ЧЕЛОВЕК ТРУДА БИБЛИОТЕКАРЬ – БОЛЬШЕ, ЧЕМ ПРОФЕССИЯ

*Материя в книгах есть познавая
Протии - страницы оживут.
Библистическое призвание
На вид простое и тихий труд.*

красный библиотекарь – Айгуль Малдыкулова – очень творческий, креативный и всегда идущий в ногу со временем.

Вот уже более 15 лет Айгуль Балтабековна открывает дверь школьной библиотеки. Она знает здесь каждую книгу, знает интересы своих читателей. Пятиклассники и одиннадцатиклассники – все знают ее. Айгуль Балтабековна не только человек, хорошо разбирающийся в книгах, знающий интересы своих посетителей, умеющий проводить интересные мероприятия, но и хороший психолог. Ведь к ней приходят не только за книгой, но и за советом, за помощью.

С появлением Интернета человеку быстро и без особых усилий можно получить нужную информацию. А что может заменить человеку то чувство, когда берешь в руки томик великого классика и страницу за страницей впитываешь его творение? Так хочется, чтобы читатели могли прикоснуться к самым удивительным книгам. Работая школьным библиотекарем, она старается обогатить детские души любовью, милосердием, а книги при этом ее помощники.

Сегодня библиотека – это место встреч и общения, а не только получения информации. Именно поэтому расширяется сфера деятельности библиотекаря. При составлении библиографического списка она – кропотливый ученый, проводя массовое мероприятие – драматург, режиссер, ар-

тист, а также писатель, психолог, педагог, дизайнер и администратор в одном лице. Помимо этого библиотекарю нужно ориентироваться в библиотечных фондах и каталогах, знать и другие библиотечные дисциплины, а также владеть профессиональными навыками и умениями, необходимыми для обслуживания читателей. Уже не говоря о том, что библиотекарь должен обладать системой знаний по различным отраслям, чтобы суметь вычленивать главное в информационном потоке. К тому же каждый работник понимает: нельзя останавливаться в развитии, необходимо самообразовываться, принимать все новое, что преподносит нам жизнь.

За добросовестный труд и профессиональное мастерство Айгуль Малдыкулова неоднократно награждалась грамотой областного управления образования, Почетной грамотой областного профсоюзного комитета работников образования, дипломом управления развития языков области Жетісу.

Библиотечная профессия интересна и увлекательна тем, что каждый день не похож на другой, приносит знакомство с новым: каким будет сегодняшний читатель, что приведет его сюда, что предложить ему, чем заинтересовать. Когда ежедневно работаешь с читателями, помогаешь в выборе книг, в учебе, в профессиональной деятельности, а также организуешь интересные и познавательные мероприятия, чувствуешь благодарность людей, отдачу от вложенных усилий. Благодаря этому понимаешь, что ее работа полезна и необходима. А это самое главное!

Ж.А. АБДИЛЬДИНОВА,
учитель русского языка
и литературы

ЗДОРОВЬЕ КАК ЗАЩИТИТЬ ДЕТСКОЕ ЗРЕНИЕ?



Человек познает и изучает внешнюю среду через зрительный орган. 80-90% информации, которую вы получаете от внешней среды, поступает через зрительный орган. Это доказывает, что зрение имеет особое значение для органа чувств.

В настоящее время среди детей регистрируется большое количество заболеваний глаз. Так, по итогам углубленного медицинского обследования, проведенного в 2024 году по области, среди школьников второе место занимают глазные и сопутствующие заболевания.

По информации ВОЗ, среди основных факторов наиболее распространенных заболеваний глаз можно назвать Миопию (близорукость), которая возникает из-за слишком долгого времени, проводимого в помещении, больших зрительных нагрузок, связанных с взаимодействием с близко расположенными предметами (компьютер, сотовые телефоны, планшеты и т.д.). Увеличение количества времени, проводимого на открытом воздухе, может снизить этот риск.

В соответствии с санитарными правилами непрерывная длительность занятий в дошкольных классах и школах непосредственно с видеотерминалом, персональным компьютером, планшетным персональным компьютером и ноутбуками в течение учебного часа должна составлять не более:

- в дошкольных, дошкольных группах/классах и 1 классах - 15 минут;
 - в 2-3 классах - 20 минут;
 - в 4-5 классах - 25 минут;
 - в 6-8 классах - 25 минут;
 - в 9-11(12) классах - не более 30 минут;
 - общая продолжительность непосредственной работы с компьютерами и ноутбуками не должна превышать 2-х часов;
 - обязательно в перерывах через каждые 20-25 минут необходимо проводить упражнения для глаз и физкультурную паузу через 45 минут во время перерыва;
 - соблюдать технику чтения;
 - не допускается чтение лежа, на очень близком или большом расстоянии;
 - шрифт должен быть крупным и контрастным;
 - для профилактики заболеваний глаз необходимо соблюдать гигиену глаз (обязательно стоит соблюдать гигиену рук, не трогать глаза загрязненными пальцами и не трите их, так вы избежите занесения инфекции, не повреждайте нежные ткани и не вызовите раздражение вокруг глаз; вытираться индивидуальным полотенцем).
- Важно: при возникновении первых признаков нарушения зрения необходимо незамедлительно обращаться к врачу-офтальмологу!

Асхат ЧАРАПИЕВ,
руководитель ДСЭК области Жетісу

ДЕНСАУЛЫҚ ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ



Жетісу облысында 2025-2026 жылғы тұмаудың жаңа эпидемиологиялық маусымына дайындық жұмыстары басталды. 29 қыркүйектен бастап өңірде «Тұмауға қарсы егілейік» акциясы ұйымдастырылып, тұрғындарды иммундау шаралары қолға алынды. Бүгінгі күнге дейін облыс бойынша 2 180 адам тұмауға қарсы екпе алды.

Жыл сайын облыста тұмауға қарсы вакцинация үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлінеді. Биылғы эпидемиологиялық маусымға облысқа барлығы 82 мың доза вакцина сатып алынды. Оның ішінде облыстық Денсаулық сақтау басқармасы 80 мың дозаны, Кербұлақ аудандық орталық ауруханасы 2 мың дозаны қамтамасыз етті. Бұл жоспар облыс халқының шамамен 12 пайызын қамтуға мүмкіндік береді.

Екпе Ресей Федерациясында өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасымен жүргізілуде. Аталған вакцина республика бойынша, соның ішінде Жетісу өңірінде он жылдан бері қолданыста. Жалпы, облыста тұмауға қарсы иммундау жұмыстары 2010 жылдан бастап жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Иммундау міндетті түрде дәрігердің тексеруінен кейін, азаматтың денсаулық жағдайы бағаланған соң

арнайы егу кабинеттерінде жүргізіледі. Қазіргі таңда облыс көлемінде 449 егу пункті ұйымдастырылған. Екпе бірінші кезекте қауіпті топтағы азаматтарға жасалады. Олар: балалар үйлері, қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттардағы тұрғындар, иммунитеті әлсіз әрі жиі ауыратын балалар, созылмалы аурулары бар ересектер, медицина қызметкерлері және жүктіліктің 2–3 триместріндегі әйелдер.

Дәрігерлер тұмаудың алдын алу тек вакцинациямен шектелмейтінін ескертеді. Арнайы емес шараларды да сақтау қажет. Оған дәрумендер қабылдау, дұрыс және құнарлы тамақтану, сұйық тағамдарды молынан пайдалану, үй-жайды жиі желдетіп отыру, жеке бас гигиенасын сақтау, қолды сабынмен жуу, түшкіргенде немесе жөтелгенде ауыз-мұрынды жауып жүру, бетперде тағу және халық көп жиналатын орындарға бармау жатады.

Мамандардың айтуынша, тұмау әр жылы өзгеріп отыратындықтан, оған қарсы иммунитет тұрақты қалыптаспайды. Сондықтан уақтылы екпе алу – жұқпалы аурудың таралуына жол бермейтін ең сенімді әдіс. Денсаулық сақтау саласының өкілдері Жетісу облысы тұрғындарын белсенді түрде вакцинациядан өтуге шақырады.

Арай НҰР

ПЕСТИЦИДТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдегері №331 «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 11 бабында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізудің экономикалық шегінен зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті делінген.

Яғни, зиянды организмдерге қарсы пестицидтерді қолдана отырып химиялық жолмен күрес жұмыстарын жүргізу деген сөз. Алайда, осы химиялық жолмен күрес шараларын жүргізуде, улы химикаттармен жұмыстар атқару кезінде сақтық шараларына қаншалықты мән береміз. Халық арасында пестицидтерді қолдану кезінде тұрмыстық улануды болдырмау үшін пестицидтерді сақтауда, қолдануда, тасымалдауда қауіпсіздік техникалары қатаң бақылауда болуы керек және қауіпсіз қолдану технологияларын сақтай отырып жұмыстар атқарылуы тиіс.

Пестицидтерді арнайы рұқсат етілген орындарда сақтайды және лицензиясы бар пестицидтерді ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Пестицидтерді сақтау, өткізу және қолдану пестицидтердің адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асыруға болады.

Пестицидтерді әркімнің саудалауына қатаң тиым салынады, тек қана лицензиясы бар жеке және заңды тұлғаларға рұқсат беріледі. Қазақстан Республикасында рұқсат етілген препараттарына химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу қажет. Пестицидтерді пайдалану кезінде арнайы қорғау киімдерін қолдану және қолданылатын пестицидтердің адам ағзасына қаншалықты әсер ететінін білген жөн. Себебі, кез келген пестицид, оның түрі мен қанша көлемде қолданылғанына қарамастан адамдарға аллергияны, улануды және диатезді тудыруы мүмкін.

Елді мекендерге, бақтар мен саябақтарға, үй жайлар мен үй жанындағы учаскелерге зиянкестерге қарсы жою жұмыстарын жүргізуге және өсімдіктерді қорғау үшін өте күшті және уыттылығы жоғары улы химикаттарды пестицидтерді қолдануға тиым салынады.

Улы химикаттарды пестицидтерді қолдану кезінде сақтық және нұсқаулықтарда көрсетілген шараларды қатаң сақтаңыздар!

П. ИМАНҒАЗЫ,
ҚР АШМ АӨК МИК «Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының» өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА

Мемлекеттік қызметтің әдептік және құқықтық аспектілерін талқылау бойынша кездесулер өткізу бастамасы жергілікті атқарушы органдары жұмысының тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.



Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен Жетісу облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаменті, Жетісу облысы бойынша жер ресурстарын басқару департаменті және Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясында мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызмет саласындағы мәселелері бойынша түсіндіру семинарлары өткізілді.

Іс-шараның мақсаты мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, әдептілік стандарттарын сақтаудың өзекті мәселелерін талқылау және қызмет шеңберінде ықтимал бұзушылықтардың алдын алу болды.

Кездесуде қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі олардың басты міндеті – азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету болып табылатындығы айтылды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және кәсіпқойлықтың үлгісі болып табылады.

Әрбір қазақстандық мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік - өркеніетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

Кездесу барысында Әдеп кодексінде айқындалған негізгі қағида-тар жан-жақты қарастырылды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметтің қоғамдағы орны мен рөлі, мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігі және қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтау мен нығайту қажеттілігі талқыланды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау барысында ұстануға тиіс жүріс-тұрыс қағидалары мен әдеп стандарттары ерекше назарға алынды. Әдеп нормаларын сақтау мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдебіін арттыруға, олардың қоғам алдындағы адалдығын қамтамасыз етуге ықпал ететіні атап өтілді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен міндеттері, тәртіптік жаза қолдану қағида-тары кеңінен талданып, Әдеп кодексінің талаптарын іс жүзінде орындаудың негізгі тетіктері түсіндірілді.

Жалпы, кездесу барысында көтерілген мәселелер мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасын жетілдіруге, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға деген азаматтардың сенімін нығайтуға бағытталды.

Мұндай кездесулер мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға мүмкіндік береді. Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен мемлекеттік қызметшілерді заңнамадағы соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар ету үшін осындай іс-шараларды тұрақты өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды. Мемлекеттік қызметшілерге құқықтық ақпарат жеткізу жөніндегі жұмысы мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес игіліктерді заңсыз алу жүріп жатыр, оның нәтижесі қоғам мүдделерін бұзу және мемлекеттік билік беделін төмендету болып табылады.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілеттіктерді пайдакүнемдік мақсатта пайдалануды тиімсіз және мүмкін емес болатындай барлық шараларды қабылдап, одан әрі де жағдай жасайтын болады.

Сыбайлас жемқорлық қоғам өмірінің барлық салаларына: экономикаға, әлеуметтік салаға, саясатқа кері әсерін тигізеді. Осы құбылыстан туындайтын теріс салдарлар қоғамның прогрессивті, үдемелі дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, елдің ұлттық



қауіпсіздігінің мүдделеріне елеулі қатер төндіреді.

Сыбайлас жемқорлық жаңа заманауи жағдайларға бейімделе отырып, онымен күресу тәсілдерін үнемі

өзгертуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлық ауқымы өсе келе, елеулі қауіп төндіреді. Ол азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімін бұзады, нәтижесінде тәуелсіз мемлекет ретінде елдің өмір сүруіне қауіп төндіреді, сондықтан осы әлеуметтік қолайсыз құбылысқа қарсы тұру - мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың міндеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын құру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде түсіну және қабылдау – бүкіл қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

М. ШАКЕНОВ,
«Талдықорған қаласының
Жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің басшысы

АДАЛДЫҚ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Қазіргі өмір азғыруларға толы. Әкінішке орай, сыбайлас жемқорлық тақырыбы әрқашан өзекті. Онымен күрес үнемі жүргізілуде. Әрине, бұл жұмыста мемлекет пен қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтуға қабілетті нақты шаралар маңызды рөл атқарады.

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін ең қауіпті және кең таралған әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың біріне жатқызылуы мүмкін, оның зиянды әсері мемлекеттік құрылым мен дәстүрге қарамастан кез келген елде сезіледі. Бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты толығымен жоя алмады, бірақ қоғамның сыбайлас жемқорлық шегін төмендету мүмкін. Соңғы жылдары Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға мемлекеттік басқарудың ең жоғары деңгейінде ерекше көңіл бөлінуде.

Қазақстан Республикасы дамудың бастапқы кезеңдерінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға қарсы күреске көп көңіл бөлген

кеңестік кеңістіктегі алғашқы мемлекет және 1998 жылғы 2 шілдеде елде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» №267-І Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Сонымен қатар, 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде лауазымды адамдар жасаған қылмыстар «Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар» 13-Тарауында бекітілген. 1998 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік қызмет істері агенттігі құрылды. ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған адамдардың мемлекеттік қызметке кіруін шектеуге байланысты сыбайлас жемқорлыққа

қарсы бір қатар нормалар бекітілген, мемлекеттік қызметшілерге жаза қолдану тәртібі айқындалған.

Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның алдын алу мақсаты мемлекеттік саясат туралы көптеген құжаттарда, оның ішінде Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық, оның ауқымы, ерекшелігі мен динамикасы - елдің ортақ саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемаларының салдары. Ел жаңғырту сатысында болған кезде сыбайлас жемқорлық әрқашан артады. Қазақстан қазір тек модернизацияны ғана емес, қоғамдық, мемлекеттік және экономикалық негіздердің түбегейлі өзгеруін бастан кешуде.

Ф. ДАРЫБАЕВА,
ҚР АШМ АӨК МИК
Талдықорған қалалық аумақтық
инспекциясының басшысы

РУХАНИЯТ ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Жер, ел, тіл, дін сынды төрт құбыламызды түгендеп, оны дамыту үшін мәдениетіміз өркендеуі керек. Дін мен мәдениет-адамзат қоғамының қалыптасуында зор маңызға ие.

Дін-адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандырса, мәдениет-адамның өмір сүру салтының, ой-санасы мен дүниетанымының көрінісі. Мәдениетті халықтың ауызбірлігі, қанымен біте қайнасып біткен жанашырлығы, пейілінің кендігі өзге құндылықтарға жол аша түседі. Ұлттық болмысымызды ұрпақтан ұрпаққа жалғайды. Осы екі құндылықты өзара үйлестіре отырып дамыту-бейбіт, тұрақты және өнегелі қоғам құрудың негізі болып табылады. Халқымыздың мәдениеті-ғасырлар бойы қалыптасқан терең рухани, әлеуметтік және дүниетанымдық құндылықтардың жиынтығы. Бұл мәдениеттің түп- тамырында ислам дінінің орыны ерекше. Оның айқын көріністерін салт-дәстүрімізден, тіл мен әдебиеттен, моральдық құндылықтардан байқаймыз. Баланың дүниеге келуі, бесікке салу, сүндетке отырғызу, құда түсу, неке қию, жаназа шығару т.б. сияқты салттардың барлығы ислам шариғатына сай орындалады. Ақын-жазушылардың еңбектерінен діни ұғымдарды жиі ұшыратамыз. Адалдық, ата-анаға құрмет, ізгілік, сабыр, мейірімділік, жылағанды жұбату, жәрдем беру т.б. моральдық құндылықтар-ислам этикасымен ұштасып жатыр. Ораза және Құрбан айтты ислам дінінің үлкен мейрамдары ретінде ғана емес мәдениетіміздің көрінісі ретінде кең көлемде атап өтеміз. Көптеген тарихи ескерткіштеріміз дін мен мәдениеттің байланысын паш етіп тұрғандай. Айтар болсақ, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан баб, Бекет ата, Алаша хан мазарлары-діни әрі мәдени орындар санатында. Байқасаңыздар қазақтың салт-дәстүрі мен рухани өмірінің өзегінде исламның ізі сайрап жатыр. Сондықтан да дін мен мәдениетті егіз ұғым ретінде қабылдаймыз.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

БРИФИНГ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУ

Талдықорған қаласы «Мансап» орталығы жыл басынан бері еңбек нарығында сұранысқа ие жобаларды жүзеге асырып, жүздеген тұрғынды жұмысқа орналастырды. Осындай ақпаратпен Талдықорған қаласының «Мансап» орталығы филиалының директоры Азамат Балтабеков бөлісті.

Атап айтқанда, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша биыл 80 жас маманды қамту жоспарланған, қазіргі таңда оның 71-і еңбекке тартылды. «Жастар практикасына» жолданғандар саны 279-ға жетіп, жылдық жоспардың басым бөлігі орындалды. Қоғамдық жұмыстарға тұрғындарды тарту ісі жоспарда көрсетілген межеден асып түсті. Сондай-ақ, «Әлеуметтік жұмыс орындары» және «Ұрпақтар келісім шарты» жобалары толықтай жүзеге асырылды. Мүгедектері бар азаматтарды қолдау бағытында да оң көрсеткіштер бар: биыл 48 адам тұрақты жұмысқа орналастырылып, қосымша екі жаңа жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар, қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 118 адам жолданып, жаңа мамандық игеру мүмкіндігіне ие болды. Қоғамға бейімделуге жағдай жасау мақсатында пробация есебіндегі азаматтар мен бас бостандығынан айыру орындарын босап шыққандар да еңбекке тартылуда. Гранттық қолдау да жалғасуда. Жыл басынан екі рет өткізілген іріктеу нәтижесінде 30 жас кәсіпкер қайтарымсыз грантқа ие болды. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға да қолдау көрсетілуде. Биыл 1039 отбасыға, яғни 5062 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 467 миллион теңгеден астам қаржы төленді. Бұдан бөлек, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға қосымша төлем қарастырылып, 1672 балаға 58 миллион теңгеден астам көмек көрсетілді.

Арай НҰР





Облыс орталығы Талдықорған қаласында биыл абаттандыру жұмыстары жүйелі әрі қарқынды жалғасуда.

Атап айтқанда, қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлердің шатыр жабындылары мен қасбеттері жаңартылып, тарихи ескерткіштердің айналасы абаттандырылуда.

Сонымен қатар, «Жеңіс» саябағының аркасы заманауи талаптарға сай жаңғыртылса, Орталық саябақтың Қабанбайбатыр көшесі жағындағы кіреберісіне жаңа арка орнату жұмыстары аяқталуға жақын. Бұл жұмыстар тамыз айында басталған болатын.

Бұған қоса, Талдықорғанда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы тазалық жұмыстары да белсенді түрде жалғасып жатыр.

«ЖЕҢІС» ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТЫ АБАТТАНДЫРУ



45 ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда еліміз бойынша жүргізіліп жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы ұйымдастырылды.

Қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға бағытталған шараға спорт мектептері, коммуналдық қызмет мекемелері, жеке кәсіпкерлер және ерікті тұрғындар белсенді атсалысты. Олар өздеріне тиесілі іргелес аумақтарды ретке келтіріп, көшелер мен аулаларды қоқыстан тазартты.

Акция барысында шамамен 150-ге жуық адам жұмылдырылып, нәтижесінде 45 тоннадан астам тұрмыстық және құрылыс қалдықтары арнайы полигонға шығарылды.

Айта кетейік, «Таза бейсенбі» экологиялық іс-шарасы әр апта сайын тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігімен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына» орай Ұлы Отан соғысы кезінде қайтыс болған, хабар – ошарсыз кеткен боздақтарымыздың туған-туыстарын анықтау үшін іздестіру жұмысы жүргізілуде.

Осыған орай, тізімде көрсетілген батырларымызды танысаңыздар және туысы болсаңыз, біздің қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармамызға (военкоматқа) хабарласуыңызды сұраймыз.

Біздің мекенжайымыз: Н. Назарбаев д-лы, 31/33. **Тел.:** 8(7282) 24-43-46.

Р/с №	Ф.И.О.	Дата рождения	Место рождения	Место призыва	Дата призыва
1.	Лебедев Михаил Дмитриевич	1920	Казахская ССР, Алма-Атинская обл., ст. Талды-Курган	-	06.11.1944
2.	Штейнверг (Штейнберг) Фава Срульевич (Фульевич)	1926	Казахская ССР, Алма-Атинская обл, Талды-Курганский р-н, с.Кировка (Кировск)	Талды-Курганским РВК Казахской ССР Алма-Атинской обл.	-
3.	Докишев Басин	1908	Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	Талды-Курганский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	31.07.1944
4.	Естаев Баймурат	-	Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н, ул. Сталина, 53	Талды-Курганский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	12.07.1944
5.	Сегизсаринов Джакнинбей	1908	Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н, к/з «Казахстан»	... 1942, Талды-Курганский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	08.07.1944
6.	Старчевский Иван Андреевич	1925	Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	... 1943, Талды-Курганский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	13.07.1944
7.	Игасинов Ершибазар	1913	Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	Талды-Курганский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	24.12.1942
8.	Кухарь Иван Андреевич	1900	г. Талды-Курган	-	21.04.1945
9.	Кучербай Тлеубай	1898	Казахстан, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	-	21.06.1943
10.	Рыбалкин Андрей Пантелеевич	1918	Казахстан, Алма-Атинская обл., Талды-Курганский р-н	-	03.02.1943

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1026 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Кеше Талдықорған қалалық идеологиялық кеңестің отырысы өтіп, оған осы бағытта жұмыс жасап жүрген қалалық бөлімдердің басшылары, ұлттық қауіпсіздік комитеті, қалалық прокуратура өкілдері қатысты. Кеңесті қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков ашып, жүргізді. Жиын барысында Президент Жолдауындағы идеологиялық бағыттар бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетовтың төрағалығымен өткен облыстық кеңестің кеңейтілген жиынында берілген тапсырмалардың орындалу барысы пысықталып, Талдықорған қаласында өзекті мәселелердің басым бағыттары айқындалып, арнайы тапсырмалар берілді.

Өз тілшіміз

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

ҚҰТҚАРУДЫ ҮЙРЕТЕТІН МЕКТЕП

Жетісу облысы
ТЖД Талдықорған
қаласы Төтенше
жағдайлар
басқармасы
Қазақстан
Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің
Мәлік Ғабдуллин
атындағы
Азаматтық қорғау
академиясына
күндізгі оқу
нысанына
үміткерлерді іріктеу
жүргізеді.



Академияға күндізгі оқу нысаны бойынша орта білімі бар, он алты жасқа толған, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы және білім және ғылым министрлігі өткізетін Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) және кешенді тестілеу (КТ) қорытындылары сертификатының баллдарына сәйкес жүргізіледі.

Курсанттар республикалық бюджет есебінен оқытылады. Курсанттар барлық оқу кезеңіне тегін нисанды киім-кешекпен, тамақтандырумен және мемлекеттік шәкіртақымен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар каникулярлық демалыс кезіндегі жол ақысы төленеді.

Академияның күндізгі оқу нысанының толық курсын бітірмеген, 4 жыл оқыған тұлғалардың білім алу уақыты әскери қызметті өтеу уақытына теңестіріледі және азаматтық қорғау лейтенанты арнаулы атағы беріледі, әрі қарай жұмысқа орналастырылады. Каникулдық демалыстар жылына екі рет беріледі.

Академияға оқуға түсуге ниет білдірген азаматтар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясына күндізгі оқу нысанына мына мекен-жай бойынша өтініш береді: Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі, 86 А блог Д, тел: 24-18-02, 24-17-97.

Е.КОБЕСОВ,
Талдықорған қаласының ТЖБ
бас маманы азаматтық қорғау майор

БЕЗОПАСНОСТЬ

ОТОПИТЕЛЬНЫЙ СЕЗОН

Уважаемые гости и жители города Талдыкорган!
В связи с отопительным периодом, УЧС города

Талдыкорган предупреждает вас остерегаться угарного газа.

При столкновении с угарным газом соблюдайте следующие правила:

1. Быстро откройте окна и двери, хорошо проветрите помещение.
 2. Выведите потенциальных пострадавших на свежий воздух.
 3. Если у кого-то будут проявляться симптомы отравления угарным газом (головная боль, головокружение, тошнота, рвота), то вызовите скорую помощь.
 4. Включите все оборудование, сжигающее топливо, или откройте за-слонку.
 5. Вызовите квалифицированного техника, который поможет устранить проблему.
- Берегите себя и своих близких.

А.НУРТАЕВ,
ст. инженер УЧС г. Талдыкорган
капитан гражданской защиты

ТОО «КТ «ТАЛДЫКОРҒАН-АГРО»

14 ОКТЯБРЯ 2025 ГОДА ПРОВОДИТ ОЧЕРЕДНОЕ
ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ УЧАСТНИКОВ КТ

ПОВЕСТКА ДНЯ:

1. Об утверждении ставки вознаграждения по программе «Агро-бизнес».

Время проведения: 11:00 часов.

Адрес: г. Талдықорған, мкр. «Самал», д. 22/23.

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.